




Қостанай қаласы әкімдігінің  
Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің  
61 бөбекжай - бақшасы» МКҚК

Дене шынықтыру жобасы

**«Ұрпақ ұлттық ойынмен шындалады»**

Орындаған: Дене шынықтыру нұсқаушысы Нурбаева Б.Е

2017 – 2018 оқу жылы



**Тақырыбы:** «Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады»  
**Мерзімі:** Қысқа мерзімді жоба, 10 күн.

**Жоба қатысушылары:** Тәрбиешілер, II- кіші топ балалары.

**Жоба түрі:** ақпараттық, ойын.

## Өзектілігі.

Балабақша балалары болашақ иесі болғандықтан өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, саналы ойлатын тұлға болып өсуі керек. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін жасөспірімдер бойында саналы сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады.

Мектепке дейінгі жастағы бала туғаннан бастап бойындағы жақсы қасиеттерді ойын ойнау арқылы қалыптастырып, қолдануын үйренсе ғажап емес пе? Ойын арқылы баланың психикасында сапалы өзгерістерді тудырудамын (баланың зейіні, ойлауы, қиялдау қабілеті).

Осы жоба қарастырылып отырған тақырыбты өзекті деп санаймын.



### **Мақсаты:**

Ұлттық, тұрмыс, салт - дәстүрі туралы әсерлерін толықтыру. Балалардың денсаулығын, ой өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойындарға деген қызығушылығын дамыту

### **Міндеттері:**

- Ойын бірлестіктерін құру, жалғыз және топтасып ойнау дағдыларын қалыптастыру
- Үлкендердің көмегімен ойыншықтар мен заттарды өз орындарына орналастыру;
- Ойыншықтарды санына, көлеміне, мөлшеріне қарай ажырату, заттардың аттарын дұрыс атау.
- Басқа балалармен қатар отырып, бірлесіп ойнату арқылы бір-бірімен жылы қарым-қатынас орнату, бір-біріне кедергі жасамау, таласпай, бір тоқтамға келу, ойыншықпен кезектесіп ойнау сияқты тәртіптерді орындау арқылы үлкенмен де, құрдасымен де жақсы байланыс жасау дағдыларына үйрету;
- Бірлескен ойында өзін - өзі ұстау ережелері мен нормаларын орындауға үйрету;
- Ойындар мен ойын материалдарына қамқорлықпен қарауға, өз бетімен оларды ретке келтіруге тәрбиелеу

### **Күтілетін нәтиже:**

- Балалар ұлттық ойындарды біледі.
- Балаларға ойын ойнаған ұнайды.
- Балалар ойын ережесін біледі.
- Балаларда дұрыс психофизикалық дамуы қалыптасады.

### **Ойнатылған ойындар.**

- Орамал тастамақ
- Бәйге
- Асық ату
- Арынды арқан
- Қыз қуу
- Қазан доп
- Қол күрес

## Жобаны жүзеге асыру

### Әдістемелік әдебиеттер:

-«Кел, балалар, ойнайық».

Балалар кітапханасы.

-«Казахские детские игры». Сен білесің бе?

-«Алтыбақан» қазақтың ұлттық ойындары. Сен білесің бе?

- «Казахские конные игры». Сен білесің бе?

### Атрибуттар:

-Қамшы

-Ат

-Асық

-Арқан

-Орамал

-Қазан (себет)

-Доп

-Кілем

- Музыка

### **«Денсаулық»**

1. Қозғалмалы ойындарды ұйымдастыру және өткізім барысында балалар 2. Денсаулығын сақтау және нығайту.

### **«Қауіпсіздік»**

1. Қауіпсіздік техникасының түсіндіру, айттып кету.

### **«Әлеуметтендіру»**

1. Ойындарды бірлесе ойнау.
2. Ойын атрибуттарымен таныстыру.

### **«Таным»**

1. Ойын ережелерін түсіндіру
2. Ұлттық ойындардың тарихын айту.




## «Әдістемелік әдебиеттер»



**Жоба кезендері:**

**I-дайындау кезеңі.**

- Әдістемелік әдебиеттер,
- Атрибуттар ,
- Музыка.









## «Атрибуттар»

Қамшы



Орамал.



Ат.





**Арқан.**



**Асық.**

## III- негізгі кезең.

- ұлттық ойындардың тарихымен таныстыру.
- ұлттық ойындар ойнату.



«Орамал тастамақ»



«Қазан доп»



Арынды арқан





## «Қыз қуу»





«Қол күрес»



«Бәйге»



«Асық ату»






# «Бэйге»







«Асық ату»



«Асық жинау»



«Орамал тастамақ»

### Ш-қорытынды

-Балалар ойындарды ойнай алады,

-Ойын ережесін түсінеді.

Жалпы ойынның қандай түрі болмасын, атадан балаға, ұрпақтан- ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтауға негізделеді. Тапқыр да алғыр, шымыр да епті, қайратты да қажырлы бала өсіруді армандамайтын отбасы жоқ. Демек ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады. Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше әр беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәт те естен шығармағандары абзал. Өйткені жас өндіріс бүлдіршіндер ойнай да, күле де, ойлай да білсін!